

Қызметке адал мамандар

Өмірде де, еңбекте де жұптары жазылмаған жандар -
Тұрсынай және Олжас Сапановтар

Тәртіп сақшыларын қоғамда көрініс тапқан құқық бұзушылықтарды реттеп, олардың салдары мен себептерін анықтайтын қызметкер деп түсінеміз.

Алайда, полиция қызметінің қаншалықты күрделі және қауіпті екеніне мән бермейміз.

Бейбіт елде ғұмыр кешіп жатқанымызбен, аталмыш саланың қиындығын көріп жүрген жандар қаншама. Ауыртпашылығы мен қиындығы мол саланың ауыр жүгін арқалаған мамандардың күнделікті атқарар еңбектері ерен.

Бүгінгі мақаламызға арқау болып, тілге тиек етпек болған жандар өмірде де, еңбекте де қол ұстасқан жандар – Тұрсынай мен Олжас Сапановтар.

Екеуі де Меңдіқара аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері. Еңбектеріне аса адалдықпен қарап, елге қалтқысыз қызмет жасауда.



Халық сенімінің айнасына айналған полиция қызметкерлері

жаратылысы ерек нәзік жанды Тұрсынай бар күш-жігерін бойына жиып, еңбек жолын ауыртпалығы зор салаға арнаған жан. Қиындығы мен қызығы қатар жүретін саланың қыр-сырын ұғынып, білікті маманға айналып отыр.

- Мен Қарасу ауданында туып-өстім. Жұмыс бабымен Меңдіқара ауданына ат басын бұрып, еңбек жолымды бастап кеттім. Шүкір, нәтиже жаман емес. Алғаш келген сәтте қиыншылықтар болды. Дегенмен, әріптестерімнің қолдауы басым болып, үйреніп кеттім

Жолдасым Олжаспен танысып, көңіл жарастырдық. Жолдасым да еңбегімнің нәтижелі болуына үлкен қолдау білдіріп, әркез демеу болуға тырысты. Жұмыстың қыр-сырын сол кісімен бірге ұғынып, білмегенімді сұрап отырдым. Бүгінде еңбекте де, өмірде де біргеміз. Арманымыз бір, алға қойған мақсатымыз көп, - деді аға лейтенант Тұрсынай Сапанова.

Тұрсынай алғашында кәметке толмағандардың істері бойынша учаскелік инспек-

торысуда.

Үйінің берексіз мен бірлігін басты орынға қойған Тұрсынай қазіргі таңда бала күтіміне байланысты демалыста отырған жас ана. Ерінің жағдайын жасап, нәтижелі еңбек атқаруға үлкен септігін тигізуде. Еліне қалтқысыз еңбек атқара білген аға лейтенант бүгінгі таңда отбасының жағдайын жасаған отанасы, келіндік міндетін ұмытпайтын бір әулеттің ибалы келіні, ерінің аяулы жары.

Әйел бір қолымен бесік тербетсе, бір қолымен әлемді тербеткен деген осы шығар. Далада ер мінезді Тұрсынай, қазіргі таңда отбасының ұйытқысына айналып отыр. Жолдасы Олжас болса, отбасының қамын ойлаған нағыз ер азамат.

Жалпы, полиция қызметкері – халықтың қорғаны. Қылмысты ашуда, қауіпсіздікті сақтауда полиция қызметкерлерінің еңбегі зор.

Полиция қызметкері болу үшін білім де, білік те, білек те керек. Сабыр, төзім және қажыр-қайрат қажет. Шапшаңдық пен жылдамдық,

Екеуіде қиын саланың қырсырына қанық мамандар.

Полиция қызметі қиындығы мол, ауыр сала екені баршаға мәлім. Көптің сенімін ақтап, ел алдында абыроймен еңбек атқару да көптің қолынан келе бермесі анық. Еліне адал еңбек етіп, сағат тіліне қарамай жұмыс атқаруың керек. Бұл мамандық қателікті кешірмей, әркез табандылықты талап етеді.

Біздің бүгінгі кейіпкерлеріміздің ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктері мен еңбекке деген талпыныстарын ауыз толтырып

айтуға болады. Елге адал қызмет атқарған қос маман – жұмыс барысында танысып, көңіл жарастырып, кіршіксіз сезімдері үлкен махаббатқа ұласқан көрінеді.

Олжас болса, Меңдіқара ауданының тумасы. Жастайынан аталмыш салаға қызығушылығы басым болып, ержеткен шағында осы саланың адал қызметкері атанды. 2010 жылдан бастап, көңілі қалаған мамандықтың тізгінін ұстап, күні бүгін туған ауданында еңбегін адал атқаруда.

Ал, нәзік жанды Тұрсынай

болса, Меңдіқара ауданына Қарасу ауданынан келген көрінеді. Ес білгелі жақсылық жасауды, адам өміріне араша түсуді жаны қалаған ару, өсе келе полиция қызметіне қызығушылығы арта түскен екен. Мектеп кезінен өте алғыр, белсенді, қоғамдық шаралардың қатысушысы бола білген Тұрсынай еңбек жолында да жақсы нәтижелерге қол жеткізуде. Жақсы жетістіктерінің арқасында түрлі марапаттарға да ие болуда. Жастар саясатын іске асыруда қосқан сүбелі үлесі үшін Меңдіқара ауданы

әкімінің Алғыс хатымен де марпатталған көрінеді.

Қос қызметкер де Челябин мемлекеттік университетін ойдағыдай аяқтап, бүгінде білікті де, білімді маман атанып отыр.

Отағасы Олжас қазіргі таңда Меңдіқара аудандық полиция бөлімінің азаматтық және қызметтік қару айналымы тобының аға инспекторы полиция майоры. Жұмысына адал, мақсатына берік. Қызметіндегі жауапкершілікті сезіне отырып еңбегін атқаруда.

Жаны нәзік болғанымен

тор қызметін атқарған.

Кейіннен, әйелдердің құқықтарын зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі учаскелік инспектор қызметін атқарып, аға лейтенант атанған.

Еңбек пен өмір жолын ұштастыра білген Тұрсынай мен Олжас бүгінде жас отбасы. Бір-бірін еңбек жолында түсініп, жанұялық өмірде бір-біріне демеу болуда.

Тұрсынай мен Олжас бүгінде кішкентай Ислам атты ұлдарына тәрбие беріп отырған жас ата-ана. Перзенттерінің болашағына үлкен сеніммен қарап, жақсы ата-ана болуға

тез шешім қабылдап, жылдам әрекет ете білу қабілеті полицейге қажетті басты қасиеттердің қатарында. Ұстамды болуы, азаматтармен тіл табыса білуі, сыпайы болуы да аса маңызды. Осындай толып жатқан талаптардың үдесінен шығуға баса назар аудартын жандар - Тұрсынай мен Олжас Сапановтар. Олардың алар асулары мен бағындырар белестері мол екеніне сенімдіміз және отбасыларына береке, еңбектеріне табыс тілейміз.

Тұрсынай МҰХТАРҚЫЗЫ